

5. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы (қытай тілінде). Үрімші, 1984.

6. Қытай мен Батыс елдері жол қатынасы тарихынан материалдар топтамасы (қытай тілінде) 1977, 4-т.

7. Ғабитханұлы Қ. Өлгеннің тәні қастерлі, тірінің беті қанды жас немесе ертедегі ата-бабалар жерлеу дәстүрі қандай болған? // «Ана тілі», 1994. N29.

8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: «Жазушы», 1985.

9. Қыраубай А. Қазақ мифологиясы және Авеста // Жұлдыз. – 1996. – 178-184-бб.

10. Қорқыт Ата кітабы. Түрік тілінен ауд. Б.Ысқаков. – Алматы. Жазушы, 1994. – 160 б.

11. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации – Алматы: ОФ “БИС”, 1999 – 416 с.

12. Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушалық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 424 б.

* * *

В статье рассматриваются архетипические сходства и различия между Авестой и тюркской мифологией, анализируются мифические мотивы этих произведений.

А. А. Мауленов

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КӨНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР

Қазіргі таңда Елбасымыздың бабалар мұрасына көңіл бөлуді ұлттың алдына ұлы да, асыл мұрат етіп қоюы, қазақтың әдебиеті мен мәдениеті саласында көптеген игі істедің атқарылуына түрткі болды. Соның бірі – халқымыздың көне наным-сенімдеріндегі архетиптік түсініктің сілемдерінің әдебиет тарихы ғылымында жан-жақты қолға алына бастауы. Біз осы мақаламызда көне мифтік түсініктер турасында ой өрбітпекпіз.

«Күнбасты құдай» («Солнцеголовое божество») деген діни-мифологиялық терминнің мәніне ой жүгіртетін болсақ, терең философиялық ақылмандық шығады. Бабалармыз табынған суреттегі сәуле шашқан «Күнбасты адамның» көкке жалғасқан басы, жаймашуақ жарық нұрға айналады. Анықтап айтар болсақ, көкке жалғасқан адам басының күнге айналуы, өзіне табынған пендеге жалғыз жаратушының жіберген нұры мен ықылас шапағаты. Ең ақырында адамды Жер Ана өзінің қараңғы қойнына алып, бұл өмірден әкететіні ешқашан өзгермейтін ақиқат. Осы таңба-бейне, яғни мифопоэтикалық образ – бабалар түсінігіндегі үш қатпарлы жарық дүниенің символы. Көк түркілер көкке, күнге табынуды ең көне заманда алғашқылардың бірі болып қабылдаған деген пікірімізге осы қара тасқа айшықталған мифопоэтикалық образ негіз болады. Бізге осы ойымызды дәлелдеу үшін табылған және табылып жатқан символ суреттер көмекке келіп, көк түркілер мифологиясының қандай болғандығын ойша жорамалдауымызға түрткі болады. Іле өзенінің жоғары жағынан табылған «Ұлы-Кем» деп аталатын жақпар тастың бетінде көне түркілердің екі бас таңбасы салынған

суреті дүниенің төрт бұрышын меңзесе, ондағы қос маралдың жайылып жүруі қазіргі ұлт жадындағы архетиптік ұғым-түсініктермен қабысады. Маралға мылтық кеземеу, оны киелі деп санау «Қозы көрпеш – Баян сұлуда» Қарабай мен Сарыбай арасындағы эпизодта көрініс тапқан.

Біз осы оқиғаның актанты (мифтік іс-әрекеті) туралы індетте зерттеген Т. Әсемқұловтың «Біртұтас түркі мифологиялық жүйесі» («Единая тюркская мифологическая система») [1] атты мақаласы негізінде осы бір қисыны қиын дүниеге қадам бастық. Сөзіміз түсінікті болу үшін автордың айтар ойын аударып беруді құп көрдік. «Әлдебір әдебиетшінің көне түркі мифологиясын қалпына келтіруге тырысуы орынсыз бос тыраштанушылық сияқты көрінуі де мүмкін. Біздің қолымызда көне түркі мифологиясының толық та, дәлді мәліметі жоқ, себебі көне түркі жазу-сызуы кеш пайда болды, ол кезде көне түркі мифологиясын десакраладанды (десакрализация). Бірақ көңілді көншітетін бір факті бар. Ол үшін көне түркі мифологиясының оқиғалық формаларын эпостағы дәуірлер қатпарынан аршып алуымыз керек. Ең алдымен көне түркі мифтерін түркі (қазақ) эпостарынан іздеуде мифтің не екендігінің байыбына барып алғандығымыз жөн» [1,38-39],-дейді зерттеуші (*аударма-менкі*).

Бәріміз білетін бір нәрсе миф ілкі ғылымға дейінгі білім көзі, дүниетаным негізі ретінде адам өмірінің ажырағысыз бір бөлгі. Барлық халықтарда қалыптасқан бір ғана конондық мифтік сюжет бар. Ол – бір-біріне қарама-қарсы екі құдайлар тобының (жақсылық пен жамандықтың) күресі. Осы сюжет бұрынғы син-

кретіліктен ажыраған кезде өзі ауысқан жанрдың ерекшелігіне орай десакралданғанымен бәрі бір мифтік көркемдік сипатын сақтап қалады. Жаңа жанрға сюжет ауысқан кезде оған жаңа өмірдің саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік түсінігі таңылады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері мен эпостарында, лиро-эпостарында, оның ішінде «Қозы көрпеш – Баян сұлуда», Т. Әсемқұловтың айтуынша біртұтас түркі мифологиялық жүйесі алдымыздан шығады. Осы туындыдағы қарама-қарсы екі құдайлар тобының (жақсылық пен жамандықтың) күресін танытатын дуалистік идея десакралданып махаббат драмасына айналып кеткендігін аталған зерттеуші алға тартады. Енді осы туралы Т.Әсемқұлов пікіріне кезек берелік: «Дүниедегі дуализмнің өмірге келуі мен күресуші жақтардың алғашқы ұстасуы «Қозы көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосында сомдалған. Әлі біртұтас, бірақ қосарлануы бек мүмкін ғарыш түсінігі жыныссыз марал образында көрініс табады. Буаз маралдың ішіндегі егіз қодықа дегеніміз – қосарлы әлем. Осы қос әлемділікті туындату үшін маралды өлтіріп, оның ішіндегі қодықаларды бостандыққа шығару керек.

Бұдан кейін екі құдай – Сарыбай мен Қарабай келіп шығады. Сарыбай – жарық күннің сакральды образы (сакральный образ) Қарабай – қараңғы түннің сакральды образы. Қозы (Сарыбайдың ұлы) – мәңгі таңның образы. Қозының сүйгені Баян болса, таң алды жұлдыздарының бірі болуы мүмкін. Қозының анасы Мамабике – қайғы тәңіриясы (богиня) т.т. яғни адам экзистенциясына (тіршілік етуіне) қатысты. Келесі бір персонаж – Қодар – құдық (су) құдайы. (Қазақтар әлі күнге дейін құдықты – «Қодар қазған» сөзімен атайды). Қарабайдың сан жетпес табынының әлемі – кейін адам еніп, оның жанына айналатын кеңістік. Біз қысқаша сөз еткен «Қозы көрпеш – Баян сұлудың» мифологиялық сипаты осындай»

Тәңірге табыну әлемі жаманшылықпен бітіспес күрес жүргізеді. Біз осы күресті «Қозы көрпеш – Баян сұлуда» Қарабай мен Сарыбай арасындағы адами қарым-қатынастан, оның астарында бұғып жатқан Тәңіршілдік қараңғы мен жарықтың бітіспес күресінен байқаймыз.

Белгілі зерттеуші Н.Келімбетов. «Әдебиеттану ғылымнда қазақ көркем сөз өнерінің қайнар бастаулары сол руналық жазбаларда жатыр деген пікір қалыптаса бастады. Күлтегін батыр мен Білге қағанның кеңесшісі Төныкөкке арналған ғажайып жыр дастанды жазуға үлгі-өнеге болған қаһармандық дастандар болды ма деген орынды сауал туады. әрине болды, бұл

қаһармандық дастандарды Түрік қағанаты құрылуынан сан ғасырлар бұрын, тіпті біздің жыл санауымызға дейінгі сақтар мен ғұндар дәуірінде дүниеге келген еді. Олар: «Алып ер Тоңға», «Шу батыр», «Аттила», «Оғыз қаған», «Көкбөрі» және «Ергенекон» дастандары»[2,8],- дейді. Соңғы аталған дастандар ауызша туса да, көне түркі жазба ескерткіштеріне әсер етуін мүлдем жоққа шығара алмаймыз. Оның себебі мифтік архетиптік сана қайыра жаңғырып отырады. М. Жолдасбеков, Қ.Салғара, А.Сейдімбек сияқты зерттеушілер Тәңірлік діннің түркі қағанатында мемлекет тіл болғандығын алға тартады[3], оған дейін Т.Жұртбай: «Шығыстағы хұн, оңтүстіктегі сақ, батыстағы скиф жұрттары тек көк Тәңірге құлшылық етіп, тасаттық жасап, ас бергені айдай ақиқат»[4,38]деген ой айтқан болатын. Осы аталған ғалымдар пікірінен шығатын бір қорытынды «Алып ер Тоңға», «Шу батыр», «Аттила», «Оғыз қаған», «Көкбөрі» және «Ергенекон» дастандары бойында «Көсем» культі, жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресі, жер мен көктің жаратылуы т.с.с.тәңірлік дінге тән архетиптік белгілердің және өлімнен қашу сарындамасының бой көрсетуі бізге түркі мифологияласының ілкі бастауларын тап басып тануға мүмкіндік беріп отыр.

Көк түркілер тарихында бірінші рет баба түрік жазумен қағазға басылған тұңғыш туынды Х ғ. қытайдық буддалық мәтінің үстіне қызыл сиямен жазылған 104 жолдық «Ырық бітігі». Осы кітапқа 65 шағын өсиеті өлең кірген. Кітаптың атауы жоқ. Оның бастамасында «бұл кітап жорамал жасауға керемет» деген сөз жазылғандықтан «Алдыңды болжап бал ашатын» кітап деп аударылды. Оның ең үздік басылымын «Болашақты болжау» деген атпен даңқты түркітанушы В.Томсен шығарды. Ол осы жәдігерді бірізге түсіре білді. Қазір осы нұсқа бойынша зерттелініп келеді. Бұл арада әлем әдебиетіндегі болашақты болжаушы кітаптардың түркі Заратушра ілімін ұстаушылардың тұтынғаны, олардан Платон, Пифагор сияқты ежелгі ой алыптары үйренгенін бұрынғы тараушамызда авестаға қатысты сөз еткен едік. Осы түркілер әкелген әдеби-іліми жаңалық қытайдың «Өзгерістер кітабы» («Книга перемен») болжау жасау кітабына қытайлаған түркілер арқылы еніп, ханзулардың рухани-мәдени құндылықтарын байытты. Біздің бұдан шығарайын деп отырған қорытындымыз. Бұл сол «Өзгерістер кітабына» түп негіз болған кітаптың ең көне қолжазбасының алғаш рет қағаз бетіне түсуі деп ұқанымыз жөн. Бізге бұл ойды айтқызыған Заратуштра ілімінің басқа мәдениетке

еткен ықпалы мүлдем қаралмай оның ілімі сөз етілетін бізге жеткен, жетпей қалған кітаптардың тілі төңірегіндегі болмайтын, бітпейтін дау туындап, оның түп негіз болған мифологиялық тәңірілік негізі қаперге алынбауда.

Мысалы:

Ер жүрек батыр соғысуға аттанды.

Жорықта аты жарамай қалды.

Сол сәтте оған аққу кездесіп,

Ер жүрек жігітті арқасына отырғызып,

Ұшып, онымен бірге кері жолға түсті.

Баласын аман-есен әке, шешесіне жеткізді.

Баласының тірілігіне олардың қуанышында шек жоқ.

Біліп қойыңыздар халайық: бұл – жақсы» [5,272].

Осыдан біз белгілі бір қиын-қыстау жағдайдағы тылсым күштің хайуанаттар мен аң-құс бейнесінде кездесетін тотемистік, анимистік мифологиялық түсініктер арқылы аллегориялап берліген. Оны бал аштыртқан әркім өз жағдайына бейімдеп, қабылдайды.

Т.Еңсегенұлы осыны жақсы аңғарып: «Осы өлеңдердің өзі де жұмбақ, жасалу құрылысы да жұмбақ, ұсынбаққа ойы, идеясы да жұмбақ,- деген пікір айтады да,- Сондай-ақ, руна әрпімен жазылған бал ашатын өлеңдер терең ойлылыққа құрылған, философиялық талғамы, ғибратты мезгеуі, аллегориялап айтары маңызды және көркемдік деңгейі де келісті шап-шағын көркем шығарма»[6] деген тұжырымдама жасайды. Түркілер әлемнің қалай жаратылғанын тәңірілік түсініктегі «Оғыз қаған» дастаны арқылы бір дәлелдесе, әлемнің құпиясының бір жаратушының күшімен қалай болжауға болатындығы жөнінде әлемде бірінші болып ой айтып отыр.

Қытайдың «Өзгерістер кітабы» осы «Ырық бітігтің», яғни Құдайдың білімі ырқы адам өміріне өз әсерін қалай тигізетінін өз ұлтының ыңғайына сай бейімдей әдеби өңдеу жасаған. Жетпеген жерін жеткізіп, әлем таныған классикалық туындыны өмірге әкеліп отыр. Біз өз жәдігеріміздің өте қарапайым, әрі өте астарлы жазылуын оның ең көне түркі туындысы ретінде дәлдеуге мына И.В. Стеблеваның: «Қысқа поэтикалық миниатюра «Бал ашатын кітап» шығармасы мұсылман дәуіріне дейінгі тұрмыс-жаймен таныстырады»[7,13] деген пікірін дәлел етеміз.

Оның үстіне атакты Нострадамустың катрендері тым жұбақталып жазылып әлем ғалымдарын даң қылып жүрген жайын жадымызда ұстайық. Болашақты болжаушы кітапты Ұлы дала дүниеге әкеліп, оның жалғастығы қытай

мен француз елдерінің мәдениетінде өз жалғастығын тапты.

Осы кітаптың Тәңірілік дінге қатысты тұсы туралы сөз ететін болсақ, кейбір өлеңдері жаратушыға табыну, құдайға шын берілу, оған құлай сену, бір тәңірге деген шынайы махаббат көрініс тауып, оны бұзғандар өз жазасын қалай тартатыны сөз етіледі:

Аңшы тауға қарай, аңға кетті,

Аңның ізіне түсем деп, төмен домалап кетті.

«Көк Тәңірісі бәрінен құдіретті» -

Халық солай депті.

Өздеріңіз білесіздер,

Бұл еш жақсылық емес, түсінесіздер.

Сондай-ақ, өлімді жеңу Қоқыттан, Алып Ер Тоңғадан тіпті Гілгәмештен де бұрын айтылып, осы туындыларға түп сарындама болып отыр. Бірақ жырда өлім жеңіліп, өмір женеді. Осы сарындама «Ырық бітігтің» құрамындағы өлеңде көрініс табады.

Тақуа кемпірді ажал алуға келіпті.

Сонда ол май құятын ожауын ұстап,

Жаналғыштың аяғына жығыла беріпті.

Сөйтіп тақуа кемпір ажалды жеңіпті.

Өлімнен қашу немесе өлу мифологиялық баяншасын қарастырған С. Қондыбай: «...Афрасиаб “өлімнен қашады”, оның әлгі қамалды салуы да осыған байланысты. “Афрасиабтың өлімнен қашуы” – сюжеттік архетип деңгейінен қарағанда қазақтағы “Қорқыт атаның өлімнен қашуы” оқиғасына сәйкес келеді»[88,346]. Қазақ аңызында Сырдарияның үстіне кілемін жайып, кобызын тартып отырған абыз бабамызды жылан кейпінде келген ажал шағып өлтіреді. Осы сарындама «Гілгәмеш туралы жырда» былайша беріледі:

...Ол ұстады гүлді, өз қолын түйретіп,

Кесті аяқтарындағы ауыр тасты,

Алып шықты теңіз оны жағалауға...

Апарам оны мен Урукка қоршалған,

Жеткіземін халқыма, гүлді сыйлаймын:

Егер кірі адам жасарса,

Мен дәм татам одан – оларда менің жастығым”...

Көрді Гильгамеш суатты, сулары салқын,

Түсті оған, шомылды суға.

Сезіп жылан исін гүлдің,

Інінен көтерілді, гүлді әкетті,

Қайтқанда кері терісін тастады...

Екі сарындамада да жылан және су бар. Осы екеуі де тәңірішілдік дінінде өлім патшалығы орналасқан төменгі әлемнің мифопоэтикалық образдары оларды түрлінше ұғындырып, түрлінше талдауға болады. Бізге керегі олардың образдық жақтан талдануы емес, адамзаттың мәңгі өмірден айырылып қалуының ілкі мифтемесі мен оның реконструкцияланып, Құран Кәрім мен Інжілдегі Адам ата мен Хауа ананы жұмақтан қудыруға негіз болған жылан

архетиптігі. Екі кейіпкердің арасындағы осы бір сарындастық турасында академик С.Қасқабасов адам қашанда мәңгі өмірді аңсаған. Ілкі заманнан бері адамзат ажалсыздық шәрбәті бар деп, оны жердің үстінен де, жердің астынан да, судың тұңғығынан да, жеті қат көктен де іздеп шарық ұрған деген ой айтады. Тынымсыз іздеуі нәтиже бермеген шақта, қиялына ерік беріп, адамға мәңгілік өмір сыйлайтын Әбілқаят суы мен басқа да тылсымды ғаламзатты ойлап тапты. Осылайша көптеген аңыздар өмірге келді.

1. Т. Асемкулов. Единная тюркская мифологическая система. «Рух-Мирас», N2. 2004.

2. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана. Елорда, 2000. – 286 б.

3. М. Жолдасбеков, Қ.Салғара, А.Сейдімбек. Тарих және тәуелсіздік // Егеменді Қазақстан, 2001, 30 қараша.

4. Жұртбай Т. Дулыға 2 томдық шығармалар жинағы I том, - Алматы, Жалын, 1994, - 364 бет.

5. Orkun H.N. Eski turk vazitlari. - Ankara: 1994. – 571 б.

6. Еңсегенұлы Т. Қорқыт ата әлемі (Қорқыт – Тәңірлік дін – Авеста). Монография. Алматы: Білім, 2000, - 290 б.

7. Стеблева И.В. поэтика древнетюркской литературы. М. 1976, 213 с.

8. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы бірінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс, 2004 – 512 бет.

* * *

В этой статье рассматриваются древние мифологические понятия казахских лиро-эпических произведений.